«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

# *Тақырыбы: «Кітаппен жарқын әлемге бірге өсеміз!»*

***Өткізген:***
***Тәрбиеші Горяева А.М.***

Қараша айы 2024жыл

**Тақырыбы**: «Кітаппен жарқын әлемге бірге өсеміз!»

**Уақыты: 21** .11.2024ж

**Топ:** "Балдәурен» тобы.

**Мақсаты:** , білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.Балаларға кітаптың адам өміріндегі маңызы пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапты құрметтеуге, жыртпауға, күтіп ұстауға. Ертегілерді тыңдауға уйрету.

**Қуанышты шеңбер**: Күніміз жарқын болсын!

Аспанымыз ашық болсын!

**Жұмбақ жасыру**: Қабат-қабат қаптама,

Ақылың болса аттама!

**Барысы:** Кітап рухани байлығымыз. Кітап – білім мен тәрбие беретін құрал. Біздің елімізде «кітап күні» 2-сәуір.

Слайд : **«Кітап қалай шықты?» Бейне баян теледидардан.**

Қане балалар кітапты қалай жақсы көретініміз туралы айтып өтейік!

**Манар:** Кітап –сенің жан досың,

Кітап-сенің бақ құсың!

**Әзиз:** Кітап –білім бұлағы,

Білім өмір шырағы!

Қайсар: Кітабыңды құрметте,

Күтіп ұста құрметте!

Ислам: Кітап-сенің қазынаң!

**Викториналық сұрақтар:** 1. Кітаптар тұрағы қалай аталады?

2. Кітаптармен жкмыс жасаитын маманды қалай атайды?

3.Кітап басып шығаратын жер қалай аталады?

4.Кітапханаға үнемі барып, кітап оқитын адам қалай аталады

5. Кітапты жазған адамды қалай атайды?

6. Дүниежүзілік Кітап күні қай күн?

**Ойын: «Иә- Жоқ» -------------- Кітап нені сүйеді?**

**Кітап белгі бауын?- «Иә», Қарды не суды?- «Жоқ»**

**Кір қолды?- «Жоқ», Ұқыпты ұстағанды?- «Иә»**

**Білгіш балаларды?- «Иә»,   Кітап сөресінде тұрғанды?- «Иә»**

**Балаларға кітаптармен таныстыру.**

**Балаларға тапсырма**: Жыртылған Кітаптың беттерін желімдеп, кітапка жаңа өмір сыйлаиды.

**Кітап туралы ережелер оқып беру:**

1. Кітаптың мұқабасы бүлінбес үшін оны қаптап ал!
2. Тамақ ішіп отырып, кітап оқыма! Оны ластап алуың мүмкін!
3. Кітап беттерінің бұрыштарын бүктеме! –оның бұрыштары жыртылады.
4. Кітап беттерін жыртпа! Кітапқа сурет салма! Оған жазба!
5. Кітапты майыстырып бүктеме! Оның беттері жыртылады.
6. Кітап –сенің досың екенін ұмытпа!
7. Кітап беттерінің арасына қыстырғыш жасап ал!

**Нақылсөздер:** Кітап -өмір ұстазы! Кітап – құдіретті қару! Білімнің қайнар бұлағы – кітап.

Ата-аналар акция барысында балаларға кітап сыйлады.

**Қорытынды:** сұрақ –жауап.

Міне балалар ,кітап сендердің өмірлеріңді жеңілдетіп, адамдарды және өзіңді қадірлеуге үйретеді. Кітапты сүйіңдер! Кітап – асыл досымыз!


МОБИЛЬДІ КІТАПХА






«Кітаппен жарқын
әлемге бірге өсеміз!»




МОБИЛЬДІ КІТАПХАНА











